

ЖОСПАР

КІРІСПЕ	3
БӨЛІМ 1. БӘСЕКЕШЕСТІК ЖҮЙЕДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН БАСҚАРУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ.....	6
1.1. ҚР инновациялық технологиялардың рөлі мен маңызы.....	6
1.2. Инновациялық технологиялардың негізгі принциптері мен даму әдісі	10
БӨЛІМ 2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ МЕН ТАЛДАНЫЛУЫ	15
2.1. Инновациялық технологиялардың нарықтық тұрғыда сұрыпталуы.....	15
2.2. Қазақстандағы инновациялық технологиялардың аймақтық даму тенденциясы	20
ҚОРЫТЫНДЫ	29
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	33

КІРІСПЕ

Елбасы “Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы” атты Жолдауында “Біз Қазақстанның жаһандық экономикалық үрдістерге сәйкес дамып келе жатқан ел болуын қалаймыз. Әлемдегі жасалған жаңа мен озық атаулыны бойына сіңірген, дүниежүзілік шаруашылықтан шағын да болса өзіне лайық “орнын” келденген әрі жаңа экономикалық жағдайларға жылдам бейімделуге қабілетті ел болуын қалаймыз”, деп атап көрсетуі жаңа экономика – инновациялық экономика қалыптастырудың айрықша маңызды екендігін танытады.

Осы заманғы білім әлемдік бәсекеге қабілеттіліктің басты факторына айналғанын баршаның мойындап отырғаны белгілі. Жабдықтардың, технологиялардың моральдық тозуы ауқымының, өндірілетін тауарлар мен қызметтердің ұлғаюы жағдайында өндірушілер өндірісті жедел қайта құрып, басқаруды және бизнес қызметінің тетіктерін жаңартуы тиіс. Бүгінде әлемнің бәсекеге барынша қабілетті дамыған елдердің қатарына кіру міндетін орындауға бүкіл еліміз жұмылып отырғанда,

Бұл тұрғыда жақсы бағдарламалар жасалып, іс-қимыл жоспарлары түзілген. Оның шешілуі экономиканың барлық саласы мен қызметтеріне қатысты болады. Қазақстан экономикасының «жаңа индустриалды өлдердің» әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен қадамдар жасау арқылы ғана қол жеткізе алады. Ол үшін Қазақстан экономикасының дамуына кері әсер етуші проблемаларды, яғни экономиканың шикізат бағыттылығы; әлемдік экономикаға иқпалдасудың әлсіздігі; ел ішіндегі салааралық және өңіраралық экономикалық иқпалдасудың босандығы; өңдеуші өнеркәсіп өнімділігінің төмендігі; ішкі рынокта (шағын экономика) тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы сияқты бірқатар мәселелерді жойып, экономиканы әртараптандыру бағытында алға қойған шараларды түбегейлі іске асыру қажет. Ол үшін алдымен ғылым, білім беру саласын, ҒЗТҰЖ-ды қарқынландыру мәселесін шешу керек.

Қазіргі таңда Қазақстан экономикасын әртараптандыру және модернизациялау барысында өнім шығаруды жедел ітеріп, жолға қою, рыноктың басқа сегменттеріне дер кезінде бет бұрыс жасау қабілеттеріне ке білікті менеджерлерге, инженерлерге, технологтарға, маркетингтарға деген сұраныс өсе түсуде. Экономиканы жаңарту үшін мықты кадрлар керек, сол жаңартуға негіз болатын жаңа технологиялар мен инновациялар керек. Ал бұлар өз кезегінде ғылым мен білімді дамытуды талап етеді. Экономиканы жаңартуға, оған инновациялар енгізуге қатысты барлық буындардың айқын да үйлесімді жұмысы қажет.

Жоғары индустриалды қоғам жаңа технологиялармен, өмір сүрудің жоғары деңгейімен және сапасымен, халықтың әлеуметтік топтары арасындағы қайшылықтардың жеңілдеуімен сипатталады және меншік қатынастары, экономикалық өсудің әлеуметтік және экономикалық факторлары арасындағы арақатынас өзгереді. Адам капиталының рөлі жоғарлайды. Яғни бағдарламада көрсетілгендей жоғары индустриалды сатыға ету үшін экономикалық тұрақты дамуды қамтамасыз ету қажет.

Тұрлаулы даму жағдайындағы экономикалық өсу – бұл энергияны және ресурсты үнемді түрде технологияларды жаппай енгізу, экономика құрылымының, табиғи-ресурс потенциалы мен қоршаған ортаның қолайлығын сақтау мақсатында жеке және өндірістік тұтыну құрылымдарының өзгерісі, қазір өмір сүріп жатқан және келешек ұрпақтың өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету.

Жоғарыда көрсетілген экономикалық өсу мақсаттарына жетуде халық шаруашылығының өнеркәсіптік өндіріс салаларының тиімді қызмет етуін арттыру қажет. Қазіргі кезде өндірістің тиімділігін арттырып, экономикалық өсуге жетудегі маңызды фактор – ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін игеру, тиімді пайдалану табылады.

Бүгінгі таңда қай ел РТП жетістіктерін тиімді игеретін болса, сол елдің экономикалық жағдайы да интенсификациямен тиімді, тез қарқынды түрде дамиды. Оған мысал, АҚШ, Жапония, Батыс Еуропа елдері.

Егер индустриалды-инновациялық даму стратегиясында анықталған негізгі бағыттарды елде қарқынды дамыта алатын болсақ, онда Қазақстанның әлемдік ғылыми-техникалық өнімдер рыногында беделін бәсекелік сапа, баға, сервистік қызмет көрсету арқылы арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, еңбектен қамту және кедейлік мәселесін жою және жоғарыда аталған экономиканың басқа да құрылымды мәселелерін шешу мүмкіндігі туындайды.

БӨЛІМ I. БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖҮЙЕДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН БАСҚАРУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ

1.1 ҚР инновациялық технологиялардың ролі мен маңызы

Ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері ендірісте инновация формасында көрінеді. «Инновация» ұғымы XIX ғасыр ойшылдарының ғылыми зерттеулерінде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің жекелеген элементтерін екіншісіне енгізуді білдірген. Ол, әдетте, еуропалық, алт-дәстүрдің ерекшеліктері мен ұйымдастырудың әдістерін дәстүрлі, азиялық, африкалық мәдениетке енгізу болды. «Инновация» түсінігі француз тіліндегі «innovation» сөзінен аударғанда «жаңалық енгізу», «жаңаша бастау» деген ұғымдарды білдіреді екен. Сөздің кең мағынасында алғанда ғылымның жетістіктері мен озық тәжірибеге негізделген техника мен технологияларды

және еңбекті ұйымдастыру мен басқару салаларындағы жаңалықтарды өмірге енгізу болып табылады. Ал инновациялық қызмет сөзіне «елдегі жинақталған білімді, технологияларды, құрал - жабдықтарды мөлшерлендіріп, яғни пайда табу бағытына шоғырландыру» деген анықтама берілген.

Инновациялар тек техникаларға, технологияларға ғана емес, сонымен бірге басқаруды және өндірісті ұйымдастырудың формаларына да қатысты. Олардың барлығы бір-бірімен өзара тығыз байланысты және өндірістің тиімділігін арттыруда, өндіргіш күштерді дамытуда сапалы саты болып табылады. Инновация үшін жақсы идеяның ғана болуы жеткіліксіз. Инновациялық процесс кезінде идеяның пайда болуынан оны жүзеге асыруға көбірек назар аудады. Ғылыми - зерттеу жұмыстарға жаңа білімді көтеру болса, конструкторлық өңдеулер бұл білімді бірінші қолданатын болады. «Басқалардың» жетістіктерінің негізінде жаңалықтар енгізу елдіктеу (имитация) деп аталады.

Сонымен «инновация» терминіне тоқталар болса, оны ең алғаш рет жаңа экономикалық категория ретінде ғылыми айналысқа XX ғасырдың 30-жылдары австриялық экономист Йозеф Alois Шумпетер енгізген, ол оны өзінің «Экономикалық даму теориясы» (1912 ж.) және «Капитализм, социализм және демократия» (1942 ж.) атты еңбектерінде қарастырған. Ол өз еңбектерінде қалыпты экономиканың «нормасы» мен экономикалық теорияның негізгі шындығы тепе-теңдік емес, керісінше кәсіпкер-жаңалық табушының қызметінің нәтижесінде туындайтын «динамикалық теңсіздікті» қарастырып, дәстүрлі экономикадан бас тартады. Содан бері «инновация» термині әлемдік экономикалық әдебиеттерде жалпыға мәлім категория ретінде қарастырылуда.

Шумпетер инновацияны өндіріс факторларының «жаңа комбинациясы» ретінде де қарастырған, ол дегеніміз қолда бар өндіріс факторлары мен өндіргіш күштердің қосылуы, яғни кәсіпкердің инновациялық қызметі. Ол «жаңа комбинацияның» негізгі түрлеріне төмендегілерді жатқызды:

- жаңа игіліктер өндірісі;
- игіліктер өндірісі мен оларды коммерциялық пайдаланудың жаңа әдістерін қолдану;
- жаңа өткізу рыногын игеру;
- жаңа шықсат көздерін игеру;
- салалық құрылымды өзгерту (монополия құру немесе жою).

«Жаңа комбинацияларды» жүзеге асыру үшін жаңа идеяларды тиімді экономикалық шешімдерге айналдыра алатын, новатор – кәсіпкердің жігерлігі, шығармашылығы қажет. Себебі кәсіпкер – жай ғана ойлап тапқыш емес, ол-жаңалық табушы: екіншісі біріншісіне ілесіп отырады, бірақ оған өнертапқышты-лыққа жаңама түрде түрткі болады.

Экономикалық көзқарас бойынша, инновациялық даму өндірістік әдісті дамытудағы логикалық саты. Өр инновация өз ісқисына «қаралма-қарсы» кезін жоққа шығарып, келесі инновация үшін алғышарттар туындатады, яғни жаңа техникаға, технологияға, білімге, ғылымға және басқару әдістеріне жол ашады. Сондықтан инновациялық даму спираль тектес формаға не, ол шексіз және белгілі бір кезең аралығында ғана өз келесіне жетеді.

Ал инновацияны енгізу мен инновация диффузиясы арасында да, яғни жаңа өнімді немесе процесті алғашқы коммерциялық енгізу мен әлеуметтік жүйе мүшелері арасында байланыс тетіктері арқылы жаңалықты тарату процесі арасында да өзгешелік бар.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап, яғни инновацияның шумпетерлік кезеңімен қазіргі кезеңін салыстыратын болсақ, қазір «инновация» туралы көптеген тұжырымдамалар бар. Бірақ көптеген анықтамалар оның экономикалық мәнін ашпайды және тек саласы туралы сипаттамалармен ғана шектеледі, яғни кезкелген жаңалықты алдыңғысымен салыстырғанда кешқандай артықшылығы, тиімділігі жоқ болса да оны инновация деп анықтайды.

Инновацияның қазіргі кездегі теориясы үшін XX ғасырдың әйгілі экономисі Фредерик фон Хайектің идеялары өте маңызды. Ол

экономикалық дамуға тән, яғни инновациялық процестің негізі болып табылатын ерекшеліктерге – ақпараттың анықталмағандығына, шектеушілігі білімнің жетілмегендігіне талдау жасаған ғалым.

Венгерлік маман Б. Санта инновацияны жоғарыда техникалық-экономикалық процесс деп түсінеді, яғни идеяларды, өнертабыстарды тәжірибеде пайдалану арқылы өте сапалы ерекше заттар, технологиялар жасауға болады және оны рынокқа шығарып, қосымша табыс алуға болады. Сонымен қатар Б. Санта инновацияның зерттеулер мен өңдеулерден бастап маркетингтік қызметтерді де қарастыратын барлық қызмет саласын қамтитынын айтады.

А.Н. Богатырев пен П.А. Андреевтің ойлары бойынша: «Инновация – бұл экономикалық әсер алу мен коммерциялық пайдалануға дейін жеткізілген идеяларды, жаңалықтарды және техникалық өнертабысты жасауға асыру кезінде орын алатын процесс немесе қызмет. «Инновация» ұғымына берілген осындай анықтамаларға Г.Крутиков, Б.А. Райсберг, Е.Н. Завлин, А.К. Казанцев, Л.Ш. Лозовский және т.б. еңбектерінен қолдау табуға болады.

Қазіргі экономикалық ғаламданду жағдайында инновация ұғымын 1992ж. Норвегияның астанасы – Ослода қабылданған халықаралық стандарттарға («Ғылым және инновация статистикасындағы халықаралық стандарттар», яғни «Осло басқармасы») сәйкес сипаттауға болады. Бұл стандарттар технологиялық инновацияларға қатысты жасалған, яғни олар жаңа өнім мен жаңа процесті және де олардың маңызды технологиялық өзгерістерін сипаттайды. Халықаралық стандарттарға сәйкес «инновация» тәжірибелік қызметте арлданылатын жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесстер түрінде және рынокқа шығарылған жаңа немесе жетілдірілген өнім түрінде көрінетін инновациялық қызметтің соңғы нәтижесі.

Автордың пікірі бойынша, жоғарыда аталған экономистердің инновация терминіне берген анықтамаларының мазмұнын, қысқаша айтқанда тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйні бір, яғни кезкелген жаңа өнім, жаңа

тәртіп немесе қызмет, жаңа технология, техника болсын барлығы инновация болып табылуы үшін алдымен оның рыноқтық аспектісіне көңіл бөлу керек, яғни сауда сферасында ұсынылып, тұтынушының қажеттілігін қанағаттандырып, кәсіпкердің инновациялық қызметін ынталандыруға ықпал ету, яғни пайда әкелуі тиіс.

1.2 Инновациялық технологиялардың негізгі принциптері мен даму әдісі

Қазақстан экономикасының Азия елдерінің «жолбарыстары» мен «айдаһарларының», яғни қазіргі «жаңа индустриалды елдердің» әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен қадамдар жасау арқылы ғана көл жеткізе алады. Ол үшін Қазақстан экономикасының дамуына кері әсер етуші проблемаларды жойып, экономиканы әртараптандыру бағытында алға қойған шараларды түбегейлі іске асыру қажет. Алдымен экономиканың тұрлаулы дамуына кедергі келтіріп отырған қандай проблемалар бар, соларға тоқталып өтелік.

Қазақстанның қазіргі таңдағы экономикасында мынадай проблемалар орын алуда:

- экономиканың шикізат бағыттылығы;
- әлемдік экономикаға ықпалдасудың әлсіздігі;
- ел ішіндегі салмааралық және өңіраралық экономикалық ықпалдасудың босандығы;
- өндiушi өнеркәсiп өнiмдiлiгiнiң төмендiгi;
- iшкi рынокта (шығын экономика) тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мaрдымсыздығы;
- өндiрiстiк және әлеуметтiк инфрақұрылымның жеткiлiктi дәрежеде дамымауы;
- мұнай-газ және кен-металлургиялық кешенге жатпайтын экономика салаларында негiзгi кәсiпкерлердiң тез тозуы;

- кәсіпорындардың жаппы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалуы;

- ғылым мен өндіріс арасында ұтымды байланыстың болмауы;

- ЕЗТҚЖ қаржының аз бөлінуі;

- отандық ғылымның нарықтық экономика жағдайларына нашар бейімделуі, ғылыми-техникалық өнімді тауар деңгейіне дейін жеткізудің ықпалды тетіктерінің болмауы, соның салдарынан тұтастай алғанда инновациялық ұсыныстар деңгейінің төмен болуы;

- мамандарды және жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесінің болмауы;

- экономиканың өндеуші секторларына инвестициялар сапата отандық қаржы институттары үшін ынталандыру көздерінің болмауы;

- менеджменттің экономиканы ғалалдану үрдістеріне және сервистік-технологиялық экономикаға етуге бейімдеу міндеттеріне сәйкес келмеуі;

- рынокқа шығару мақсатында технологиялар мен ғылыми әдістемелерінің аяқталмауы;

- технологиялық жаңа өнімдерді енгізудің және оларды рынокқа шығарудың қазіргі заманғы тетігінің болмауы;

- инновациялық жобаларға жәрдемдесетін, технологиялық парктер және мамандандырылған бизнес-инкубаторлар, тәуекелдік қаржыландыру қорларының желісі (венчурлік Қорлар), олардың жылдам өсу кезеңіндегі фирмаларды қолдаудың арнайы қаржылық тетіктері, фирмаларды және зияткерлік меншікті сертифицирланған бағалаушылар және басқалары сияқты, дамыған инфрақұрылымдық элементтердің болмауы;

- ішкі рынокта озық технологияларға және өнеркәсіптік жаңа өнімдерге төлем қабілетті тапсырыстың болмауы.

Осы аталған кемшіліктердің барлығы отандық инновациялық әлеуеттің дамуын да тежейтін факторлар болып табылады. Ал осы кемшіліктерді жойып, индустриалды-инновациялық саясатты басшылыққа алу ұлттық экономиканың бәсеке қабілеттілігін арттырудағы және дамыған

мемлекеттердің ізін басып, олардың қатарына қосытудағы бірден-бір тиімді жол және білім мен инновация ұзақ мерзімді тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі негізгі экономикалық ресурс болып табылады.

Ұлттық экономиканы модернизациялауда және өндірісті диверсификациялауда Қазақстанның кемшіліктерімен қоса бірқатар артықшылықтары да бар. Оған, әрине, біріншіден, табиғи ресурстар қоры, дамыған металлургиялық және отын-энергетикалық кешендерінің бар болуы. Мәліметтерге сүйенетін болсақ, ҚР-да вольфрамның әлемдік қорының 50 %, уранның 25% құрамында хром бар рудалардың 23 % бар. Қазақстан фосфордың әлемдік резервінің 90 %-на ие және де 3 түрлі қара, 29-түсті, 3-базалы металдың, 84-энергетік минералдардың табиғи қорына иелік етеді. Екіншіден, әлеуметтік-рыноқтық бағытталған экономика базасының, сонымен бірге негізгі рыноқтық институттар мен инфрақұрылымның қалыптасуы, үшіншіден, сыртқы рыноктың ашық болуы мен сауда либерализациясы өндіріс құрылымын әлемдік экономикаға бейімделуіне жол ашады. Экономикамыздың тағы да бір артықшылығы болып біліктілігі жоғары әрі арзан жұмыс күші табылады. Сонымен қатар ғылыми өнімді жасау мен іске асыру тәжірибесін жинақтаған адамдар, шығармашылық ұжымдар да бір артықшылық болып келеді. Қазіргі кезде 300-дей ұйым зерттеулермен және талдамалар жүргізумен айналысады. Ғылыми қызметкерлер саны 22 мыңнан асып түсті. Зерттеулер мен талдамалар жүргізуге кететін шығын бес жылда 3 есе ұлғайып, 14,5 млрд. теңге болды, ғылыми-техникалық жұмыстар көлемі 18,5 млрд. теңгеге жетті. Соның нәтижесінде 74,7 млрд. теңгеден астам сомаға (ІЖӨ-нің 1,34%-ы) инновациялық өңір жасалды. 32 млрд. теңгеге дейін өскен технологиялық инновациялар шығыны негізінен (90,6%) кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия (бұдан әрі - ЖҒТК) мақұлдаған іргелік ғылыми зерттеулердің 5 басым бағыттары айқындалған. Олар:

- нанотехнология,
- биотехнология,
- ядролық технология,
- көміртегі мен тау-кен-металлургия өнеркәсібі үшін жаңа технологиялар жасау,
- ғарыштық технология. Қазақстанның ғарыштық бағдарламасы елдің ақпараттық ресурсын елеулі түрде күшейтуге мүмкіндік береді. Бұл саланың серпінділігі, айқын құрылымы алғашқы Жер серігін ұшырғаннан кейінгі жерде ақпараттық қамтамасыз етудің жаңа деңгейіне шығады деген сенім мол.

Жаңа экономикаының дамуында ядролық кластердің маңызы зорықша. Уранның қоры бойынша 2-ші, оны өндіру жөнінен 3-ші, отандық таблеткалар шығару бойынша 15-ші орын алатын Қазақстанның қосымша өндірістер, жетіспейтін буындар қазу мүмкіндіктері баршылық. Еліміздің радиофармпрепараттар шығаруды жолға қойып, жан-жақты талқылаудан кейін атом энергиясын өндіруге кірісу мүмкіндігі бар екені де белгілі.

Осы мақсатты жүзеге асыруда мемлекет тарапынан көптеген бағдарламалар іске қосылуда. Мысалы, Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы, Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарлама және т.б.

Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясында бірқатар міндеттер көрсетілген. Олар:

- Өндiушi өнеркәсiште орташа жылдық өсу қарқынын 8-8,4 % мөлшерiнде қамтамасыз ету, 2000 жылмен салыстырғанда 2015 жылы еңбек

өнімділігін кемінде 3 есе арттыру және ЖІӨ энергия сыйымдылығын 2 есе төмендету;

- Өндіуші өнеркәсіптің негізгі кәріларының өнімділігін арттыру;
- Кәсіпкерлік ахуалды, кұрылымды қалыптастыру және жеке секторды ынталандыратын әрі бәсекелестік артықшылықты жетілдіретін кәзімдік институттарды ұстау, қосылған кұнға барынша қол жеткізе отырып, нақты өндірістерде қосылған кұн тізбегіндегі элементтерді игеру;
- Ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық экспортқа негізделген өндірістер кұруды ынталандыру;
- Елдің экспорттық әлеуетін қосылған кұны жоғары тауарлар мен кызметтердің мүддесіне қарай әртараптанғыру;
- Сапаның әлемдік стандарттарына көшу;
- Дүниежүзілік ғылыми-техникалық және инновациялық процесстерге қосылу арқылы әлемдік шаруашылық жүйесіне және өндірілік экономикаға ықпалдасуды үдеу болып табылады.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына сәйкес біз экономиканың шекізаттық бағытынан арылып, Қазақстанның индустриаландырылуын тереңдетуге, масштаб жасау мен өнеркәсіп жабдықтарын шығаруды жолға қоға тейісіз. Яғни, инновацияны, жаңа идеяларды, жаңа технологияларды іске қоса отырып, оларды дамудың қозғаушы күшіне айналдыруыңыз қажет.

БӨЛІМ 2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИННОВАЦИЈАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЈАЛАРДЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЈАСЫ МЕН ТАЛДАНЫСТЫ

2.1 Инновациялық технологиялардың нарықтық тұрғыда сурьптталуы

Толық өмірлік циклының жобасының ең ішіндегі (ТӨЦ) инновациялық, инвестициялық және өндірістік деңгейлерін айрықша бөлуге болады. Базалық параметр технологиясы мен өндірістен өнімнің әрі қарай олар инвестициялық этап арқылы дамиды және өндірістік этаптар бойынша.

Қаржы міндеттемесінің тұрақтылығы – бұл шығыспен кірісіне байланысты, сондай-ақ осылардың арасындағы экономика – потенциалды арақатынастарының бөлек этаптарына байланысты. Мысалға, бұл экономикалық жағдайдың үзіктігімен және баға кіруімен шығуының қатысушылардың периодтары мен анықталады.

Басқару кезінде инвестициялық жобаның бастапқы периодты шығындарын анықтап, бәсекелестік өндірушілердің, нарыққа ықпал ету периодтарының мүлкіндіктері. Инвестициялық жағдайдың жеткіліксіз жобаларында (НИОКР) мақсаттық негізде ғана Баға өсуі мүмкін. Бірақ тәжірибеде көрсеткендей жаңадан техника – экономикалық мінездемесін қайтадан дайындап, осы инвестициялық жобаның негізінде келесі ерекшеліктерді қарастырамыз:

- Белгісіз берілген жағдайлардың қорытындысы мен жоғары қауіп, қолайлы бөлу реализациясы;
- Қосымша барлық шығындардың жоба бойынша өсуі, соның ішінде этап зерттелуінің өңделуі;
- Өткізу ұзақтылығының өсуі жоба және берілген мерзім ішінде өнімнің нарыққа шығуы;
- Өндіріс өнімнің тұтынушылық қызметінің өзгеруі және де оның технологиясының өндіріс масштабына әсер етуі, базасы және де бәсекелестік өнімдердің позициясы;
- Периодтық ұзақтылығының өсу көлемі, өнімдерді сату өзгереді, нарық қарқынды және одан кету, инвестициялық жобға қаржыда, соңғы экономикалық жағдайдың проектасын анықтайды.

Базалық инвестицияға қаржыда инновация сапалы өзгерісті енгізуді және базалауды қажет етеді. Мысалы, үлкен инвестициялық тәуекел өзіне белгілі бір дисконттық бағасының жобасын және кірісі мен қатысқан бірлік уақытын ұсады. Периодтық орынның жоғарлауы оның қолайлығы өндірісте НИОКР шарттары қаржыландырады және үлкен көлемді бағаға байланысты.

Потенциалды орынның жағдайын анықтау үшін есептік тәсілдер арқылы бағаның қолайлы инвестициялық жобасын анықтайды.

Ортақ тәсіл ирлайлығы нәтижелер мен шығындарға қатысты. Инвестициялық жобаға белгіленген келесі көрсеткіштерді қолданып, көрсетуге болады:

1. Инвестициялық іс-әрекеттер түрлері:

- ҒЗЖ шығындары жаңа өнімдерді және техникалық процестерді енгізу;

- тұтынушылық құдық өндірісінің өзіндік және т.б. ғылыми-техникалық математикалық әлес активтерінің шығындары;

- өндірістік жобаларға кететін шығындар;

- инструментальды дайындық ұйымының және өндірістің жұмыс атқаруы, соның ішінде бағдарламалық құралдар, дайындыққа және персоналдарды қайта даярлау, тәжірибелік өндірістер және сынақтарға кеткен шығындар;

- машиналар мен құралдарға, жаңа және ескі өнімдерді және техникалық процестерге кеткен шығындар;

- маркетингтік нарық сынағына, жарнамға кеткен шығындар

Шығындардың түрлері:

А) Бастапқы шығындар (инвестициялық шығындар)

- НИОКР төленетін шығындар, лицензияға кеткен шығындар;

- жобалық - сынақ жұмыстары;

- құрылыс – монтаждық жұмыстарға және орындауға кеткен шығындар, тәйделануға монтаж және сынаққа алынған құрылыстар салынып жатқан басқару кәсіпорындарды қамтамасыз ету, персоналдарды дайындау, әлеуметтік және технологиялық инфрақұрылымдарды енгізу, әлеуметтік және экологиялық жобаның дамытуы, сақтандыру жарнасы өндірістік период кезінде;

- жобаны дамыту бағытында капиталды салымдар айналым капиталының құрылуына және өсуіне ықпал етеді (нормативті шықсақ запарлары, материалдар, энергоресурстар, запастық құралдар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім) т.б.

Б) Ағымдық шығындарға жататындар:

- математикалық шығындар;

- еңбек ақы шығындары және әлеуметтік сақтандыру;

- жөндеу, қызмет көрсету, транспортқа кеткен шығындар;

- әкімшілік қосалқы шығындар (басқару аппаратының, байланыстар, транспорттық қызмет, бізүзет, іс-сапар, әлеуметтік қызмет көрсету бөлімісі сақтандыру, негізе төлеу тарифтік ставкаға байланысты, өкілеттік кейбір салықтар т.б. шығындар).

Инновациялық тәсілдердің таңдау жобасының дамуы

Негізгі тәсілдер механизмінің структурасы арқылы этап бойынша анықталады. Олар анализдеу, бағалау, бейімделу және процесті жүзеге асыру кезіндегі қызықты кәсіптерді ойлап табу, өңдеу және экономикалық нәтижесінің тиімділік жаңалықтарды қолдану.

Анықталмаған түрлерін қолдану, көбінесе бағалау кезінде инвестициялық жобаларда кездеседі, осы тәсілдер келесі этаптарға бөлінеді:

- Жобаларды жүзеге асыру барлық мүмкіндіктерді бейімдейді (жасалған сценарийлардың формалары, негізгі техникалық жүйелердің системалық түрлері) және осы шарттарға жауап беретін шығындар (салықпен мүмкіншілігі және шығындарды қосқанда, сақтандыру мен резервтік қызметті қосқанда, көрсеткіштер мен тиімділік қорытындысы);

- Қайта өңдеу нәтижесі, анықталмаған мөлшерлердің факторларының мүмкіндігі, тиімділік көрсеткіші тиімділіктің немесе интервалдардың өзгеруі;

- Тиімділік көрсеткішінің жобасын анықтау негізінен анықталмаған шарттардың дамуының көрсеткіштерден күтілген тиімділіктері;

Инновациялық жобаның келесідей тәсілдері болады:

1. Таза дисконттық тәсілдердің кірісі – ол баға тиімділігін әкелу мен сол уақытта капиталдардың өсуінің арасындағы көрсеткіштерін көрсетеді.

2. Индекстік тәсілдердің пайдалылығы – капитал салымының өсуіне байланысты.

3. Ішкі әдістердің нормалық табысы – келтірілген тиімділік көлемі капитал салымы мен тең түседі.

4. Мерзім әдісінің орын алуы. Орын алу мерзімі – уақытша минималды интервалдың өсуі, бастапқы салым және басқа да шығындар, инвестициялық жобалардың қорытындысының жүзеге асуы.

5. Критериялық тәсіл. Әрбір жобаның критериялық жобасы орнатылады және жобаның бағасы беріледі.

6. Балдық тәсіл. Маңызды факторлар анықталады, жобаның қорытындысына әсерін тигізеді.

Инновациялық жобаның тиімділік анықтамасы және бағасы инвесторлармен немесе олардың бұйырумен – арнайы консалтингтік фирмалар, орталықтар арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының инновациялық тиімділік жобаның бағасының әдісі мен әдістемесі тәуелсіз болады.

Инновациялық тиімділік жобаны бағалау кезінде белгіленген методологиялық әдістемеде мыналар қолданылады, коммерциялық, тиімділік, бюджеттік тиімділік, экономикалық тиімділік.

Инновациялық жобаның экономикалық эффектілік көрсеткіштерін анықтау кезінде базистік, әлемдік, жобалық және еселтік бағалар қолданылады.

Базистік бағалар - бұл белгілі уақыт периодында белгіленген баға. Олар инвестициялық мүмкіншіліктің техника - экономикалық зерттеулер стадиясында қолданылады.

Жобалық бағалар –мына формула арқылы анықталады:

$$Ц_t = Ц_Б * I_t$$

Мұндағы : $Ц_t$ -t жылдың аяғындағы инвестициялық жобаның жобалық бағасы.

$Ц_Б$ - өнімнің немесе ресурстың базистік бағасы;

I_t - өнімге байқас бағалардың өзгерудегі жобалық коэффициенті

Еселтік бағалар - базистік бағалар мен дефициторды көбейту жолымен анықталады.

Базистік, жобалық және есеттік бағалар теңгемен немесе шетелдік валюталармен анықталуы керек.

Коммерциялық тиімділік қаржылық сәйкестілік шығындармен анықталады. Инновациялық жобаның коммерциялық тиімділік анықтамасы шынайы акция потоктарымен сальдосының анықтамасымен анализдерінен тұрады. Сонымен қатар инвесторлар жағдайының 3 түрі қарастырылады. Олар: инвестициялық, операциялық, және қаржылық болып табылады.

Шынайы акция сальдосы - бұл инвестициялық жобадан барлық қарастырылатын 3 жағдайдағы акция қаражаттарының приток пен отток арасындағы айырмашылық.

Шынайы акция ағындары - бұл инвестициялық жобадан қарастырылатын инвестициялық және операциялық жағдайлардағы акция қаражаттарының ағындармен шығындары арасындағы айырмашылық.

2.2. Қазақстандағы инновациялық технологиялардың аймақтық даму тенденциясы

Индустриялық -инновациялық даму стратегиялық жоспарының ең басты мақсаты- өнеркәсіпті жаңарту, бәсекеге қабілетті өнім түрлерінің өндірісі мен экспорттың дамытуға жағдай жасау есебінен тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету. Индустриялық — инновациялық дамуының басты міндеті - бәсекеге қабілетті индустриялық кешенді қалыптастыру.

2015 жылға дейінгі кезеңдегі стратегиялық жоспарда жүзеге асырудың басты бағыты экономикалық нақты секторы өсімінің орташа жылдық қарқын 4,5-8 пайызға жеткізуді қамтамасыз ету.

Индустриялық-инновациялық дамытуды іске асыру, оны толық жүзеге асыру үшін, үш кезеңге жоспарланған: Бірінші- 2004-2006 жылдар. Екінші 2007-2010 жылдар, үшінші- 2011-2015 жылдар.

Бірінші кезең 2004-2006 жылдар, даярлау сипатындағы іс-шараларды жүзеге асырумен сипатталатын болады.

Экспортпен пен ішкі сатыну үшін өндірілетін дәстүрлі тауарлар мен қызметтің сапалық есуімен бірге жоспарлы кезеңде өнекәсіп пен аграрлық секторды жаңарту, құрылымдардың барлық инвестициялық - құрылым циклін түпкілікті өзгерту есебінен экономикалық тұрақты өсімін қамтамасыз етуге жоспарлы кезеңге негіз қалау керек.

Тіімді инновациялық инфрақұрылымның негізі қаланатын болады. Тауар мен қызмет өндірісінің өсімі өнекәсібінің жедел дамуы есебінен, әсіресе мұнай мен мақта тапшығын өңдеу арқылы қамтамасыз етілетін боады.

Мұнайды тереңдете өңдеу, сонымен қатар пластмасса, резина және оның бұйымдары өндірісінің қуатын дамыту.

Мұнай-газ, металлургия кешені, ауылшаруашылық машина жасау, электрлі және электронды жабдықтар өндірісін дамытуға жағдай жасау.

Құрылыс материалдары, тамақ, балық, жеңіл өнеркәсіптерде жаңа өндіріс ұйымдастыру.

Өндірістік өнім сапасын жақсарту және ISO 9000 сериялы халықаралық стандарттарға өту есебінен жергілікті өндірушілердің тартымдылығын көтерумен шикізат нарығын, өнімді өткізудің сыртқы нарығы алғашқы барлау.

Екінші кезең(2007 - 2010 жылдар) экономиканың барлық салаларында стратегиялық іс-шараларын белсенді түрде жүзеге асыру кезеңі болады.

Өнеркәсіпті жаңарту мен экономиканың құрылымын диверсификациялауға бағытталған көптеген жобаларды іске асыру басталатын болады.

Экономиканың диверсификациясы саласындағы бірқатар прогреске қарамастан, экономикалық дамуы негізінен мұнай мен мақта тапшығын өңдеу есебінен қамтамасыз етіледі.

Машина жасау, жеңіл, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында экспорттық әлеуметі жоғары, бәсекеге қабілетті өнім шығару мақсатында өндіріс

салаларында жаңа техникалық өзгерістерді, өндірісті жаңартуды қамтамасыз ететін негізгі капиталға ресурстар салу үшін белсенді инвестициялық саясат жүргізілетін болады.

Бұл кезеңде тігінен байланысқан өнеркәсіптік және қаржы-өнеркәсіптік топтар қалыптасатын болады, олар өзіндік технологияны әзірлеумен қатар өндіріс шығындарын кеміту, өзіндік құнды төмендету мен өндірілетін өнімнің сапасын одан әрі көтеру мақсатында шетелдік технологияларды алуға да бағытталады болады.

Үшінші кезең (2011-2015жылдар) бағдарламаны орындауда ең өнімді кезең. Бұл кезеңде енгізілетін қуаттар игерілетін болады. Тауарлар мен қызметтер өндірісі және экспорты артады. Экономика мен экспорт құрылымының диверсификациясы болады.

Индустриалдық-инновациялық стратегиялық жоспарды жүзеге асырудың негізгі механизмдері:

- кәсіпорындарды қаржы экономикалық сауықтыру шараларының даму болашағы бар дерменсіз төлем қабілеті нашар кәсіпорындарда іске асыру;
- нарық керістігін дерменсіз кәсіпорындардан тазарту үшін банкроттық процедурасын қолдану;
- сыртқы экономикалық қызметті тарифтік және тарифсіз әдістермен реттеу;
- қалықаралық стандарттар бойынша өндірістерді сертификациялау мен сапаны бақылауды дамыту;
- корпоративтік құрылымдардың қалыптасуына құқықтық және ұйымдастырушылық қолдау ету;
- өндірістік инфрақұрылымды қаржыландыруды дамыту;
- қызметке тауар нарығында үстемдік ететін, табиғи монополистер мен шаруашылық субъектілер жұмысына тарифті қалыптастыру үшін, өндірушілер, тұтынушылар мен мемлекеттің экономикалық мүддесін сақтауда құқықтық және нормативтік-әдістемелік базаны жетілдіру;

- тиімділігі жоғары технологиялармен іске қосуды қысқартып;
- келісім-шарт түрмен шетелдер нарығына шығуды қамтамасыз етуде кәсіпорындарға ықпал ету;
- БСҰ кіруге дайындық.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» қаулысына сәйкес индустриялық дамудың басыңды бағыттары бойынша 2005-2007 – жылдарға арналған жоғары технологиялық өндірістерге мамандар даярлау бағдарламасы. Денсаулық сақтау саласында 2006-2008 жылдарға арналған ғылыми зерттеу бағдарламасы, 2005-2015 жылдарға арналған энергиямен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарлама сәйкес жекелеген салалық бағдарламалар әзірленетін болады. Оларды нақты орындаушылар мен іске асыру мерзімдері, сондай-ақ көзделетін көлем мен кадрландыру кезі жылдар бойынша әрсетілетін болады.

Стратегиялық жоспарды іске асыруға тікелей қажет инвестициялық сипаттағы шығындардың көзделіп отырған көлемі 30 млрд. теңгені құрайды. қосымша құны жоғары өндірістердің 13 инвестициялық жобасын қаржыландыруға 10 млрд. астам теңге, облыстың инновациялық мемлекеттік қор арқылы 2004жылы -100,0млн. теңге, келесі жылдары тиісті жылға бекітілетін бюджетке сәйкес анықталады.

Стратегиялық жоспардың іс шараларын қаржыландыруға кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған Даму банкінің, Инвестициялық қордың, Инновациялық қордың қаржылары облыстың, облыстық инновациялық мемлекеттік қорының қаржылары жұмсалатын болады.

Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыру көлемі тиісті жылға бюджет құрған кезде нақтыланып отырады.

Сонымен қатар, шетелдік инвесторлардың қаржылары тартылатын болады.

Өзіндік қаржы есебіне бәсекеге қаблетті өнім шығару үшін жаңарту жүргізілетін бәсеке сектор басты қаржылық ауыртпалықты көтеретін болады.

Стратегиялық жоспарды сәтті іске асыру уран, алтын, көмір, құрылыс қазбалары секілді кен алу саласын одан әрі дамыту салаларының өндіріс үлесін төмендету және өңдеу саласында дайын өнім өндіріс үлесін арттыру, машина жасау саласының өндірісін жаңарту, жаңа экспортқа бағытталған өнім түрлерінің өндірісі есебінен облыстың экспорттық әлеуметін көтеру негізінде облыс экономикасын тұрақты арттыруды қамтамасыз етуге, мақтаны тереңдете өңдеудің аяқталған циклін құруға әсер етеді.

Иновациялық жоғары технологиялық өндіріс, дайын өнім экспорты артастын болады.

Облыстағы инвестициялық қызметтің климатын жақсаруы шегелдің инвесторлары тартудың ұлғайына алып келеді.

Стратегиялық жоспарды іске асыруға шағын, орта бизнес белсене тартылатын болады, бұл салада иновациялық бағыт дамитын болады.

Индустриялық - иновациялық дамуының іс-шараларын жүзеге асыру экономикалық өсім қарқынын ұлғайтуды қамтамасыз етеді.

Дүниежүзілік экономиканың ғаламдандуы аясында Қазақстан экономикасы бірқатар проблемаларға тап болып отыр. Негізгі проблемаларға мыналарды жатқызуға болады: бір жақты ишкі бағыттылығы, әлемдік экономикаға ықпалдасудың әлсіздігі, ел ішіндегі салааралық және өңіраралық экономикалық ықпалдасудың босандығы, ишкі рынокта тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы (шағын экономика), өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымауы, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалушылығы, ғылым мен өндірістің арасында ықпалды байланыстың болмауы; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-

конструкторлық жұмыстарға (бұдан әрі - ҚЗТҚЖ) қаржының аз бөлінуі, менеджменттің экономикалық Ғаламдану процестеріне және сервистік-технологиялық есуге бейімдеу міндеттеріне сәйкес келмеуі. Проблемаларды шешу және Стратегия аясында алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін Даму Банкінің қызметін жандандырумен қатар Қазақстанның инвестициялық қоры, Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорация, Инновациялық қор сияқты арнайы даму институттарын құру көзделіп отыр.

Бұл ретте осы институттар қосылған құны жоғары жаңа өндірістерді құруға және олардың жұмыс істеп тұрғандарын дамытуға және келелі салаларды кешенді талдау, олардың ең маңызды элементтерін анықтау негізінде ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулер мен әзірленімдерге қолдау көрсетуге инвестициялау саясатын жүргізетін болады. Стратегия елде ғылымды және инновациялық қызметті ынталандыруға бағытталған белсенді мемлекеттік ғылыми және инновациялық саясат жүргізуді көздейді. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қаржы рыногы одан әрі дамыту және фискалдық, білім беру, монополияға қарсы, инфрақұрылымдық саясатты жетілдіру көзделіп отыр. Стандарттау саясаты шеңберінде экономиканың және басқарудың барлық салаларында әлемдік стандарттарға көшу көзделуде.

Стратегияны ойдағыдай іске асыру экономиканың адам капиталының өндірілген және табиғи капиталды тиімді пайдалануға негізделген тұрақты өркендеуіне алып келетін оның құрылымында сапалы өзгерістер жасауға, Қазақстанның әлеуметтік дамудың және қоғам құрылысының сапалық және деңгейіне шығуына ықпал етуі керек.

Экономиканы мемлекеттік реттеу әдістері мен тетіктерін жетілдіру жөніндегі жөделеген ұсыныстарды негіздеу үшін Стратегияның тиісті бөлімдерінде импортты алмастыратын және экспортқа бағдарланған саясатты іске асыру жөніндегі шет елдердің тәжірибесі, оның ішінде экспорттық саясаттың әрқилы түрлері мен кезеңдері, сондай-ақ әлемдік рыноктарда

бәсекелестік артықшылығын қол жеткізуге мүмкіндік беретін факторлар келтірілген. Жалпы алғанда Стратегияны іске асыру нәтижесінде 2015 жылға қарай ел экономикасы серпінді-технологиялық дамуға өтпеге дайын болуы керек.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін капитализмнің әлемдік жүйесі өзгеріске ұшырап, монополиялық немесе трансұлттық капитализмнің жаңа белгілеріне ие болды.

Мұндай өзгеріс әлемдік сауданың едәуір өсуімен, трансұлттық компаниялардың пайда болуымен, шетелдік инвестициялардың елеулі түрде артуымен және сауда шарттарының ырықтануымен сипатталады. Халықаралық валюта қоры және Дүниежүзілік Банк сияқты институттар пайда болды.

Егер елуінші жылдары әлемдік экономика дүние жүзіндегі барлық елдердің ұлттық экономикасының жиынтығы болса, ал 60-жылдардан бастап корпорациялардың трансұлттық белгілері бойынша ұйымдастыру үрдісі көрініс береді бастады.

Тоқсаныншы жылдарға қарай тауарлар мен қызметтер өндіру процесі толықсыз сипат алып, әлемнің барлық елдері бойынша шалықтарды орналасты. Қаржы-өнеркәсіп капиталы трансұлттық сипатқа ие болды. Дамушы елдер үшін бұл өзгерістердің маңызы аса зор. Дамыған және дамушы елдер арасындағы шеткері аймақтар шикізат жеткізуге, ал орталық оны өңдеп, шетке қайта жеткізуге негізделген дәстүрлі қарым-қатынастар айтарлықтай өзгерді.

Ғаламдық капитализм жағдайында дамушы елдер өндірістік процесс тізбегіне тартылып, қосылған құны барынша төмен тауарлар өндірісінің салыстырмалы төменгі сатысындағы тауарларды өндірумен айналысады.

Әлемде индустриялық саясат жүргізудің мол тәжірибесі жинақталған. Санаулы елдердің ғана экономикалық бір өкілге тәуелділік проблемасын ойдағыдай шешіп, өз өнеркәсібін әртараптандыра алғанын атап өтпеге болады.

Экспорттың құрылымын артарапандыру үшін индустриалық саясатты қолдану түрлі елдердің тарихи өткен кезеңінде импортты алмастыруға және экспортқа бағдарланған саясаты мысалдарынан айқын байқауға болады. Негізінен осындай саясат қолданылған Латын Америкасы (Мексика және Бразилия) және Шығыс Азия (Оңтүстік Корея және Сингапур) елдеріне жасалған талдаудан экспортқа бағдарлану арқылы тұрақты экономикалық өркендеуге ирп жеткізуге болатындығы туралы негізгі қорытынды жасауға болады.

Тарихи өткен кезеңде Латын Америкасы елдері де, Шығыс Азия елдері де импорттың орнын басу және экспортқа бағдарланған кезеңдерінен өткен. Шығыс Азия елдерінің белгілі бір кезеңде импортты алмастыру саясатынан бас тартып, экспортты қолдау саясатына көшуді, ал Латын Америкасының импорт алмастыруға ересіне көңіл аударуы осы елдердің ерекшелігі болып табылады.

Экономикалық теория тұрғысынан алғанда экспортқа негізделген саясаттың табысты болуы түсінікті, себебі өзінің ішкі рыногының әлеуетін сарқып тауысқан елдер өздерінің экономикалық даму процесін тоқтатпау үшін сыртқы рыноктарды игере бастауға мәжбүр болады. Латын Америкасының елдері импорт алмастыруды қолдай отырып, нақты бәсекелестікке емес, жасалған әкімшілік және тарифтік тосқауылдарда негізделген салаларды құрғандығын атап өту керек. Бұл салалар нығайтып алғаннан кейін жаңғыртудың және өнімділікті арттырудың орнына өз ресурстарын импортты алмастыру саясатын одан әрі сақтап қалу мақсатында мемлекет арқылы өз мүдделерін барынша қорғап қалуға бағытлады. Осының салдарынан ресурстар өнімді бөлімбей, ұлттық экономикалар қалыңаралық бәсекеде ұтылып жатты.

Жалпы алғанда жаңа ғаламдық экономикалық жағдайды қалыптастыратын әлемдік экономикадағы басым үрдістерді төмендегіше жіктеуге болады:

- дамыған елдерде индустриялық экономикадан сервистік-технологиялық экономикаға өту;

- ғаламданду;

- экономиканы ырықтандыру;

- ғаламдық бәсекенің артуы және өндірілік ықпалдасу.

Жынырмасыншы ғасырдың соңғы ширегінде экономикалық дамыған елдер индустриялық даму сатысынан аса жоғары сервистік-технологиялық экономикаға өтті. Бұл елдерде ЖІӨ үлкен бөлігі қызмет көрсету секторында қалыптасады. Мұндай қызметтердің айқын байқалатын ғылыми және инновациялық негізі бар.

Экономикасы дамыған елдерде зияткерлік ресурстар және қаржы капиталы шоғырланған, ал индустриялық өндіріс, әсіресе еңбекті көп қажет ететін өндірістер біртіндеп елелінің экономикалық даму тұрғысындағы маңырлым артта қалған елдеріне ауысуда.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан жаһандық экономикада әлемдік тауар рыноктарына мұнай, газ, қара, түсті, жерде сирек кездесетін және қымбат металдар мен уран өнімдерін шығаратын ел ретінде қарастырылады. Ауыл шаруашылық өнімдерінен астық экспортының келешегі бар.

Қазақстанда пайдалы қазбалардың ірі қорларының болуы оның салыстырмалы экономикалық артықшылығы болып табылатындықтан, ол қазіргі уақытта классикалық экономика сценарийі бойынша дамуда.

Өндірістің және шикізат ресурстары экспортының қарқынды дамуы экономикаға экономикалық дағдарыстан шығып, соңғы үш жылда экономикалық өсудің жоғары қарқынның қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Өнеркәсіптің шикізат салаларына шетелдік инвестицияларды тарту және қаржы саласында құрылымдық-институционалдық өзгерістерді жүзеге асыру жөнінде мемлекеттік саясаттан жүргізілуіне байланысты Қазақстан экономикасының дамуында ілгерілеу байқалуда, елде өмір сүру деңгейі жоғарылауда және ұзақ мерзімді кезеңде индустриялық сервистік-

технологиялық даму сатысына етуге мүмкіндік беретін қаржы ресурстары жинақталуда.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындыға келсем, қазіргі кездегі Қазақстан өнеркәсібі производтық сипатта болып отыр, экспорттық тауарлар құрамында бәсекеге қабілетті дайын тауарлар жоқ, экспорт арқылы негізінен минералдық өнімдер, өңделмеген немесе шала өңделген қара және түсті металдар ғана сатылады.

Қазақстанда өндірілетін мұнай мен газдың, қара және түсті металдардың меншік иелері шетелдік компаниялар болып табылады, мемлекеттің шетелдік және отандық акционерлік компанияларда акция пакеті жоқ, тек қана мұнай өндіруде аз – мұз қатысынан басқа қормақты түрде қолға ұстары тағы жоқ.

Негізгі капиталға деген инвестициялар, көбінесе, кен өндіру өнеркәсібіне келіп түседі, азырғы дайын өнім шығару үшін өңдеуші өнеркәсіпке инвестиция сарушылар әзірге байқалмайды.

Өңдеуші өнеркәсіп салалары айтарлықтай дамымағандықтан, сондай – ақ, олардың қолданбалы ғылыммен байланысы жеткілікті түрде жолға қойылмағандықтан, Қазақстанда өнеркәсіпті дамытудың инновациялық факторының әзірге экономикаға тигізетін әсері азын – аулық қана дәрежеде.

Осындай жағдайда кластерлерді әзірлеуге қатысушылар – тік және көлденең бағыттарда, стабилі факторларды да, инвестициялық және инновациялық факторларды да естен шығармай кластерлерді құру және дамыту жөніндегі әлемдік тәжірибені жан – жақты, өте мұқият ескерулері қажет. Сонымен бірге, Қазақстан экономикасының басты ерекшелігімен санасуға тура келеді, өйткені; бүгінде Қазақстанда өндірілетін басты өнімдерінің бәрі де шетелдік компаниялардың меншігінде, ал олар болса барлық ішкі мұнайды құбырлар арқылы сыртқа шығаруға, өндірілген барлық қара және түсті металдарды, атап айтқанда, темір кені, ферроқорытпа, қара металдың жалпақ ипектері, тазартылған және тазартылмаған мыс, өңделмеген мырыш, қорғасын және басқа түрдегі өнім түрінде шетелдерге жөнелтуге ғана ынталы.

Қазақстан Талау Болашақта кластерлер үшін құрылыс алаңына айналады деген үміт бар. Қазақстанда кластерлер экономикасының барлық салаларында – агроөнеркәсіптік, ағаш өңдеу, отын-энергетикалық, металлургиялық, химиялық, жалпы машина жасау, құрылыс, көлік, телекоммуникациялық кешендерде құрылуы және дамуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының, оның жекелеген аймақтарының, экспорттық әлеуетін дамыту мемлекеттік экономикалық саясатының басшылықтықтарының бірі, себебі бұл мәселенің әлеуметтік, экономикалық, саяси маңызы ерекше.

Зерттеулер негізінде концессиялық қатынастарды реттеу, шарттарын жасасудың үлгілері, оны орындаудың және тоқтатудың талаптары мен тәртібі айқындалды, концессиягерлерді мемлекеттік қолдау кепілдіктері мен шараларын жүзеге асыру жолдары көрсетілді. Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, болашақта концессия аумағындағы заңдылықты дамыту және жетілдіру керек. Сонымен қатар, концессиялық бизнесті ынталандыру үшін мемлекет тарапынан келесідей шаралар қолдану керек:

- концессиялық жобаларды іске асыруда капитал сыйымдылығының өте жоғары болуы «ұзын» ақшаларды қажет етеді. Сол себептен зейнетақы

және сақтандыру қорларының қаражаттарын осы бағытта инвестициялау орынды;

- отандық инвесторларға ұзақ мерзімді капитал салымдарын салу барысында салық, кеден және басқа да жеңілдіктерді беру құқығы және концессиялық кәсіпорын мен инфрақұрылымды, кадрларды даярлауды, жалпы тұтынатын тауарлар өндірісі мен қызмет ұсынууды, қайырымдылық қызметін дамыту мақсатында пайданы реинвестициялау құқығын беру;

- концессиялық кәсіпорынның шығындарын табысты кәсіпорынның есебінен орнын толтыратын консорциумды құру құқығын беру.

Инновациялық кәсіпкерлік қызметін дамытудың негізгі тетіктерінің бірі франчайзинг жүйесін одан ары дамытуға мемлекет тарапынан келесі шараларды қолдану қажет:

- франчайзинг секторына мемлекеттік жеңілдіктер қарастыру;
- Қазақстан аумағында санаткерлік меншіктің қорғалуына толық қамтамасыз ету;
- инновациялық қызмет түрлерінің ерекшеліктерімен таныстыру шараларын қабылдау, яғни жеткілікті ақпараттармен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасындағы инновациялық кәсіпкерлік климаты әлі де жеткілікті деңгейде қолайлы болып тұрмақ жоқ. Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерлік климатын жақсарту үшін:

- білікті кадрлар және жұмыс күшін дайындау жүйесін бекіту: кадрларды кәсіби біліктілігі тұрағысынан дайындау және қайта дайындау, кіші бизнес және өзін жұмыспен қамту саласында оқыту;
- инвестициялық әрдістерді басқаруды ұйымдастыруды жақсарту: басқару кадрларының кәсіби біліктілігін бекіту, қоғамдық бақылау үшін біліктің ашықтық дәрежесін көбейту, шенеуніктердің қызметінің реттелу деңгейін жоғарылату керек.

Экспорттық әлеуетті дамытудың теориялық әдістемелік аспектілерін зерттеп, Қазақстан Республикасының және Оңтүстік Қазақстан облысының экспорттық потенциалының қазіргі жағдайына экономикалық талдау жасап,

жүргізілген есептеулер нәтижелері бойынша келесідей қорытынды жасала
болады:

1. Қазақстан Республикасының, оның жекелеген аймақтарының эконом
икалық дамуының экспортқа бағытталу стратегиясын іске асыру жоғары
технологиялық өндірістерді дамыту арқылы бәсекеге қабілетті өнім өндіру,
елдің аймақтарының шикізат әлеуетін барынша тиімді пайдалануға,
бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алуға, алдағы уақытта
Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымына кіруімізге мүмкіндік береді.

2. Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи (ауа-райының
қолайлылығы, құнарлы суармалы жерлердің болуы), т.б. экономикалық даму
ерекшеліктері ендігі жерде облысымызда мақта шикізатын өндіру мен оны
өңдеу саласында кластерлік жүйені қалыптастырып дамыту қажет деп
санаймыз.

3. Мақта-тоқым кластерін дамыту облыста жақын 5-10 жыл ішінде 35
мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құруға, өнім әртотиментін
кеңейтуге, сапасын жақсартуға, жеңіл өнеркәсібі өндірісін дамытуға, бұлар
өз кезегінде тұтынушылық тауарлардың ішкі нарық қажеттілігін
қанағаттандырып, сыртқы нарыққа шығуына мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Инновациялық қызметті ұйымдастырудағы басымдықты бағыт ретінде инновациялық ортаны жетілдіру // «Орталық Азия одағының ұлттық экономика жүйесінің мүмкіншіліктері мен интеграциялық болашағы» халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары, Түркістан қ., 27-29 сәуір 2005, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

2. Индустрия өндірісін қайта құрудың инновациялық құрылымдық негіздері // «Орталық Азия елдерінің мемлекетаралық интеграциялық байланыстарын жаңарту» атты Орта Азия елдерінің II Түркістан интеграциялық форумы. 29—30 сәуір 2006. Түркістан қ. ХҚТУ, 207-209б.

3. Е.Т. Салдықов “Қазақстан кәсіпорынында инновациялық жағдайды көтеру жолдары” Алматы, 2008 ж.

4. Экономикалық дағдарыс және оны шешу жолдары // «Хабаршы. ТР ысықлов атындағы ҚазЭУ, №6(70) – Алматы, 2008. 8-11 б.

5. Индустрия өндірісін интенсифікациялаудың инновациялық тетіктері // «Ізденіс –Поиск» №4-Алматы, 2008ж. 5-9 б.

6. Ғылыми-техникалық әлеуеттің қазіргі жағдайы және оның даму тенденциясы // «Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты», Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті, Алматы 2008ж, №4 185-189 Б.

7. Ғылымның даму нәтижелері және стратегиялық басымдықтары // «Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты», Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті, Алматы 2008ж, №4 189-194 Б.

8. Ұлттық инновациялық жүйені дамытудың ерекшеліктері // Хабаршы Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ, №3 -Түркістан, 2009ж- шілде тамыз

9. Концессиялық бизнестің қажеттілігі және оны пайдаланудың негізгі шарты // Хабаршы Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ, №3 (63)-Түркістан, 2008ж.